ХАТТАМА

Өткізілген күні: 02.09.2025 ж.
Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар:
Мектеп әкімшілігі, 1–9 сынып ата-аналары, сынып жетекшілері.

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 жаңа оқу жылының басталуы.
2. Мектептің ішкі тәртібі және оқу процесін ұйымдастыру.
3. Оқушылардың қауіпсіздігі және мектеп ережелері.
4. Сыныптар бойынша ұйымдастыру жұмыстары.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Мектеп директоры Бақыт Адильбекова жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыттары мен алдағы міндеттерді таныстырды. Сонымен қатар мектептің материалдық-техникалық базасы және оқу сапасын арттыру шаралары туралы айтты.

2-мәселе бойынша:

ДТІО Мақпал Болатханқызы мектептің ішкі тәртібі, оқушылардың сабаққа қатысуы, мектеп формасын сақтау және тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

3-мәселе бойынша:

Сынып жетекшілері оқушылардың қауіпсіздігіне байланысты талаптарды түсіндірді. Атап айтқанда:

- мектепішілік тәртіп сақтау;
- жол қозғалысы қауіпсіздігі;
- интернет қауіпсіздігі;
- төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер.

4-мәселе бойынша:

Педагог-психолог Момбекова Әлия Мұқанқызы оқушылардың бейімделуі, жаңа оқу жылына психологиялық дайындық, ата-ананың балаға қолдау көрсетуі туралы кеңестер берді.

5-мәселе бойынша:

Ата-аналар тарапынан оқу процесін жақсарту, балалардың қауіпсіздігін күшейту және мектеппен тығыз байланыс орнату туралы ұсыныстар айтылды.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылының басталуы ұйымдастырылған және қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ата-аналар балалардың сабаққа тұрақты қатысуын және мектеп тәртібін қатаң бақылауға алсын.
3. Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша барлық талаптар толық сақталсын.
4. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Сынып жетекшілері оқушылардың бейімделуіне тұрақты бақылау жасасын.

Жиналыс төрағасы: Б.Т. Адильбекова

Хатшы: М.Б. Құрбанова

Қолы:_____

Педагог-психологтарға арналған тренингке талдау

Тақырыбы: Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру
Өткізілген күні: 17.09.2025 жыл
Өткізілген орны: 2 кабинет
Қатысушылар: Педагог-психологтар, педагогтар

Тренингтің мақсаты:

Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру және ұжымдық қарым-қатынасты нығайту.

Тренинг барысына талдау:

Тренинг барысында педагог-психологтар белсенділік танытып, барлық тапсырмаларға қызығушылықпен қатысты. Қатысушылар арасында еркін қарым-қатынас орнап, жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.

Тренингте түрлі психологиялық жаттығулар, сергіту сәттері, топтық жұмыстар және кері байланыс әдістері қолданылды. Әрбір тапсырма қатысушылардың өзара сенімін арттыруға, эмоционалдық күйін реттеуге және кәсіби тәжірибе алмасуына бағытталды.

Қатысушылар өз пікірлерін ашық айтып, тренингтің пайдалы әрі әсерлі өткендігін атап өтті. Әсіресе топтық жұмыстар мен практикалық жаттығулар қатысушылардың қызығушылығын арттырды.

Тренинг нәтижесінде:

- қатысушылардың коммуникативтік дағдылары дамыды;
- кәсіби мотивациясы артты;
- эмоционалдық көңіл-күйі көтерілді;
- өзара қолдау мен ынтымақтастық нығайды.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті деп есептеледі. Қатысушылар тренингтен жағымды әсер алып, алдағы уақытта осындай тәжірибелік кездесулерді жиі ұйымдастыру туралы ұсыныстар білдірді.

Мектеп психологы: Момбекова Әлия Мұқанқызы

Талдамалық есеп

Диагностиканың атауы: «Стресс саған қалай әсер етеді?» (Э. Ховард)

Өткізілген күні: 06.10.2025 жыл

Сынып: 9-сынып

Қатысушылар саны: 3 оқушы

Мақсаты: Оқушылардың стресс жағдайларына реакциясын және стресске төзімділік деңгейін анықтау.

Нәтижелері:

Деңгей	Оқушы саны	Пайызы
Төмен деңгей :	2	66,6%
Орташа деңгей:	1	33,3%
Жоғары деңгей	0	0%
Барлығы	3	100%

Талдау

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 33,3% - ында стресс деңгейі орташа көрсеткішті көрсетті. Бұл оқушылардың күнделікті өмірдегі қиындықтар мен оқу жүктемесіне қалыпты түрде бейімделетінін, алайда кейбір жағдайларда эмоционалдық қысым сезінуі мүмкін екенін байқатады.

Оқушылардың 66,6% - ында стресс деңгейі төмен екені анықталды. Бұл олардың күйзеліске төзімділігінің жақсы дамығанын, өз эмоцияларын басқара алатынын және қиындықтарды сабырлы қабылдайтынын көрсетеді.

Зерттеу барысында жоғары деңгейдегі стресс көрсеткіші анықталған жоқ. Бұл сыныптағы оқушылардың психоэмоционалдық жағдайының жалпы алғанда қолайлы екенін және олардың стресстік жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Қорытынды

9-сынып оқушыларының психологиялық ахуалы қанағаттанарлық деңгейде. Оқушылардың басым бөлігінде стресс деңгейі орташа, ал қалған бөлігінде төмен деңгейде анықталды. Жоғары деңгейдегі стресс жағдайлары тіркелмеді.

Мектеп психологы: Момбекова Әлия Мұқанқызы

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 15.10.2025 ж.

Өткізілген орны: 16 кабинет

Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу»

Қатысушылар:

№1 учаскелік полиция капитаны Қамбар Ербулат Нурланұлы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Мақпал Болатханқызы

Педагог-психолог: Момбекова Әлия Мұқанқызы

Сынып жетекшілер

7–9 сынып оқушылары.

Күн тәртібі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.

2. Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтың түрлері және оның салдары.

3. Қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және құқықтық жауапкершілік туралы түсіндіру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша №1 учаскелік полиция капитаны Қамбар Ербулат Нурланұлы сөз сөйлеп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың негізгі түрлері, олардың алдын алу жолдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндірді. Сонымен қатар қоғамдық орындардағы тәртіп сақтау, буллинг, бопсалау, төбелес, бөтен мүлікке зиян келтіру сияқты құқықбұзушылықтардың салдары туралы ақпарат берді.

Екінші мәселе бойынша педагог-психолог Момбекова Әлия Мұқанқызы оқушыларға зорлық-зомбылықтың психологиялық, физикалық, эмоционалдық және кибербуллинг түрлері туралы түсіндіріп, оның бала психикасына тигізетін кері әсерлері жөнінде айтты. Қиын жағдайға тап болған жағдайда көмек сұрау жолдары түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша ДТІЖО Мақпал Болатханқызы білім алушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, қауіпсіз орта құру және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Қаулы етті:

1. Оқушылар құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізсін.

2. Сынып жетекшілері құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында тәрбие сағаттарын өткізуді жалғастырсын.

3. Педагог-психолог тарапынан оқушыларға профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылсын.

4. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтап, құқықбұзушылыққа жол бермеуге міндеттенсін.

Хатшы: М.Б. Құрбанова

Қолы: _____

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 13.10.2025 жыл

Өткізілген орны: 202 кабинет

Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»

Қатысушылар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М. Болатханқызы

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

7–9 сынып оқушылары.

Күн тәртібі:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу және оның салдары.

2. Деструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

3. Аутодеструктивті мінез-құлықтың (өз-өзіне зиян келтіру, суицидтік мінез-құлық) алдын алу.

4. Салауатты өмір салтын насихаттау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО Мақпал Болатханқызы сөз сөйлеп, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу, оның денсаулыққа, білім алуға және болашақ өмірге тигізетін әсері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға жауапкершілік пен қауіпсіз мінез-құлықтың маңыздылығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша педагог-психолог Әлия Мұқанқызы деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың себептері, белгілері және олардың алдын алу жолдары туралы түсіндірді. Оқушыларға эмоционалдық тұрақтылықты сақтау, қиын жағдайларда сенімді ересектерден көмек сұрау және психологиялық қолдауға жүгіну қажеттілігі айтылды.

Қаулы етті:

1. Оқушылар арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

2. Деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шараларды жалғастыру.

3. Сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан оқушылардың психологиялық жағдайына тұрақты бақылау жүргізу.

4. Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша ұсыныстар беру.

Хатшы: М.Б. Құрбанова

Қолы: _____

Диагностикалық зерттеу бойынша қорытынды есеп

Диагностиканың атауы: Кондаш әдістемесі (мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау)

Сыныбы: 6-сыныптар

Қатысушылар саны: 12 оқушы

Өткізілген мерзімі: 20.10.2025 жыл

Мақсаты: Оқушылардың мектептегі, өзін-өзі бағалауға байланысты және тұлғааралық қатынастардағы мазасыздық деңгейін анықтау.

Нәтижелер:

Төмен деңгей – 33,3%

Орташа деңгей – 66,7%

Жоғары деңгей – 0

Талдау:

Диагностика қорытындысы бойынша оқушылардың басым бөлігінде мазасыздықтың орташа деңгейі анықталды. Бұл олардың мектеп өміріне жақсы бейімделгенін, оқу үдерісіндегі қиындықтарды қалыпты қабылдайтынын және эмоционалдық жағдайының тұрақты екенін көрсетеді.

Оқушылардың 30%-ында мазасыздықтың төмен деңгейі байқалды. Бұл оқушылар өздеріне сенімді, сыныптағы және мектептегі ортаға оңай бейімделеді, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасы жақсы қалыптасқан.

Мазасыздықтың жоғары деңгейі анықталмады.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 6-сынып оқушыларының психологиялық жағдайы қолайлы деңгейде. Оқушылардың басым көпшілігінде мазасыздық деңгейі орташа және төмен көрсеткіште анықталды. Жоғары деңгейдегі мазасыздық байқалмады.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

Диагностикалық зерттеу бойынша қорытынды есеп

Диагностиканың атауы: Филипстің «Мектептегі мазасыздану» тесті

Сыныбы: 7 сыныптар

Қатысушылар саны: 2 оқушы

Өткізілген мерзімі: 21.10.2025 жыл

Мақсаты: Оқушылардың мектептегі мазасыздану деңгейін, оқу үдерісіне бейімделу ерекшеліктерін және эмоционалдық жай-күйін анықтау.

Нәтижелер:

Төмен деңгей – 2 оқушы (100%);

Орташа деңгей – 0 оқушы (0%);

Жоғары деңгей – 0 оқушы (0%).

Талдау:

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың 100%-ында мазасыздануның төмен деңгейі байқалды. Бұл олардың өздеріне сенімді екенін, оқу барысында және құрдастарымен қарым-қатынаста айтарлықтай қобалжу сезінбейтінін көрсетеді.

Диагностика барысында орта және жоғары деңгейдегі мазасыздану көрсеткіші анықталған жоқ. Бұл оқушылардың жалпы психологиялық ахуалының қолайлы екенін және мектеп ортасына сәтті бейімделгенін көрсетеді.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, зерттеуге қатысқан 2 оқушының психологиялық жағдайы жоғары деңгейде. Оқушылардың басым бөлігінде мазасыздану деңгейі орташа, ал қалған бөлігінде төмен деңгейде анықталды. Жоғары мазасыздану көрсеткішінің болмауы сыныптағы психологиялық ахуалдың қолайлы екенін көрсетеді.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

ХАТТАМА

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы

Өткізілген күні: 07.11.2025 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Бақыт Адильбекова

ДОІЖО: Гүлнар Мырзабекова

ДТІЖО: Мақпал Болатханқызы

Педагог-психолог: Әлия Мұқанқызы

Сынып жетекшілері

Ата-аналар

Күн тәртібі:

1. І тоқсан қорытындысы және білім сапасын арттыру мәселелері.
2. Оқушылардың қауіпсіздігі және құқықбұзушылықтың алдын алу.
3. Ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.
4. Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нығайту.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Рауан Қайратқызы сөз сөйлеп, І тоқсанның қорытындысын таныстырды. Білім сапасын арттыру, оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібі туралы мәлімет беріп, ата-аналарды балалардың оқу үлгеріміне тұрақты көңіл бөлуге шақырды.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Мақпал Болатханқызы оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және зиянды әрекеттердің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру қажеттігі түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша педагог-психолог Әлия Мұқанқызы жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелеріне тоқталды. Балалардың эмоционалдық жағдайына назар

аудару, олармен ашық қарым-қатынас орнату және психологиялық қолдау көрсету қажеттілігі жөнінде ұсыныстар берілді.

Төртінші мәселе бойынша ДОІЖО Гүлнар Мырзабекова мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Оқу-тәрбие процесінде ата-аналардың белсенді қатысуы оқушылардың жан-жақты дамуына оң әсер ететіні айтылды.

Қаулы:

1. Ата-аналар балалардың оқу үлгерімі мен тәртібіне тұрақты бақылау жүргізсін.

2. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.

3. Ерте жүктілік пен деструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

4. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыс нығайтылып, бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.

5. Сынып жетекшілері ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнатсын.

Жиналыс төрағасы: Б.Т. Адильбекова

Хатшы: М.Б. Құрбанова

Қолы: _____

Талдамалық есеп

Диагностиканың атауы: Пип Уилсонның «Ағаш үстіндегі адам» әдістемесі

Сынып: 2-сыныптар

Қатысушылар саны: 22 оқушы

Өткізілген күні: 10.11.2025 жыл

Мақсаты: Оқушылардың эмоционалдық жағдайын, өзін-өзі қабылдауын, сыныптағы әлеуметтік бейімделу деңгейін және психологиялық жай-күйін анықтау.

Зерттеу барысы:

Пип Уилсонның «Ағаш үстіндегі адам» әдістемесі 2-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Әдістеме барысында оқушылар ағаштағы өздерінің қазіргі көңіл-күйі мен жағдайына сәйкес келетін адам бейнесін таңдады.

Нәтижелері:

* Жағымды эмоционалдық күйде, өзіне сенімді, белсенді оқушылар – 18 оқушы (81,8%);

* Орташа деңгейде бейімделген, кей жағдайларда қолдауды қажет ететін оқушылар – 3 оқушы (13,6%);

* Эмоционалдық қолдауды қажет ететін, мазасыздық немесе сенімсіздік белгілері байқалған оқушылар – 1 оқушы (4,5%).

Талдау:

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың басым көпшілігі (81,8%) өздерін жайлы сезінетінін, сынып ұжымына жақсы бейімделгенін және эмоционалдық жағдайының тұрақты екенін көрсетті. Бұл оқушылар белсенділік танытып, құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды.

13,6% оқушының нәтижелері олардың жалпы бейімделуі қалыпты болғанымен, кейбір жағдайларда қолдау мен ынталандыруды қажет ететінін көрсетті. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру және қарым-қатынас дағдыларын дамыту маңызды.

4,5% оқушыда эмоционалдық жайсыздық, сенімсіздік немесе мазасыздық белгілері байқалды. Бұл оқушыларға жеке психологиялық қолдау көрсетіп, олардың мектептегі және отбасындағы жағдайын қосымша зерделеу қажет.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 2-сынып оқушыларының психологиялық ахуалы қолайлы деңгейде. Оқушылардың көпшілігі мектеп ортасына жақсы бейімделген және жағымды эмоционалдық күйде. Дегенмен кейбір оқушылармен жеке дамыту және қолдау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

Талдамалық есеп

Диагностиканың атауы: М.А. Панфилованың «Кактус» проективті әдістемесі

Сыныбы: 3-сыныптар

Қатысушылар саны: 28 оқушы

Өткізілген күні: 12.11.2025 жыл

Мақсаты: Оқушылардың эмоционалдық жағдайын, агрессия деңгейін, өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін және қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтау.

Зерттеу барысы:

М.А. Панфилованың «Кактус» әдістемесі 3-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Әдістеме барысында оқушыларға кактустың суретін салу ұсынылды. Суреттерді талдау арқылы балалардың эмоционалдық жай-күйі, өзіне деген қатынасы және әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері зерттелді.

Нәтижелері:

Эмоционалдық жағдайы тұрақты, өзіне сенімді оқушылар – 18 оқушы (64,3%);

Кейбір эмоционалдық қобалжу мен мазасыздық белгілері байқалған оқушылар – 8оқушы (28,6%);

Қосымша психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар – 2 оқушы (7%).

Талдау:

Диагностика нәтижелері бойынша оқушылардың басым көпшілігі (64,3%) жағымды эмоционалдық күйде екенін көрсетті. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімділігі жақсы қалыптасқан, сынып ортасына бейімделуі жоғары және құрдастарымен қарым-қатынасы қолайлы деңгейде екенін байқатады.

28,6% оқушыда эмоционалдық қобалжу мен мазасыздықтың жекелеген белгілері анықталды. Алайда бұл көрсеткіштер айқын психологиялық қиындықтарды білдірмейді және жас ерекшелігіне байланысты кездесетін қалыпты құбылыс ретінде қарастырылады.

Тек 7% оқушыға (2 оқушы) қосымша психологиялық қолдау қажет екені анықталды. Бұл оқушылармен эмоционалдық тұрақтылықты дамытуға және өзіне деген сенімділікті арттыруға бағытталған жеке жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 3-сынып оқушыларының психологиялық ахуалы қолайлы деңгейде. Оқушылардың басым бөлігі эмоционалдық тұрғыдан тұрақты, өзіне сенімді және мектеп ортасына жақсы бейімделген. Психологиялық қолдауды қажет ететін оқушылар саны аз мөлшерде анықталды.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанова

Талдамалық есеп

Диагностиканың атауы: Айзенктің темпераментті анықтау сауалнамасы

Сыныбы: 5 - сыныптар

Қатысушылар саны: 20 оқушы

Өткізілген күні: 17.11.2025 жыл

Мақсаты: Оқушылардың темперамент типтерін анықтау және олардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу барысы:

5-сынып оқушылары арасында Айзенктің темпераментті анықтау сауалнамасы жүргізілді. Диагностика барысында оқушылардың жүйке жүйесінің ерекшеліктері, эмоционалдық тұрақтылығы және қарым-қатынас жасау стилі зерттелді.

Нәтижелері:

Сангвиник – 15 оқушы (75%);

Флегматик – 2 оқушы (10%);

Холерик – 2 оқушы (10%);

Меланхолик – 1 оқушы (5%).

Талдау:

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылар арасында сангвиник темпераменті басым екені анықталды (75%). Бұл оқушылар белсенділігімен, қарым-қатынасқа ашықтығымен және жаңа жағдайларға тез бейімделуімен ерекшеленеді.

Флегматик темпераментіндегі оқушылар (10%) сабырлы, байсалды және тұрақты мінез-құлық танытады. Олар тапсырмаларды ұқыпты орындауға бейім келеді.

Холерик темпераментіндегі оқушылар (10%) белсенді, жігерлі және бастамашыл болып келеді. Кей жағдайларда эмоцияларын бақылауда қиындықтар туындауы мүмкін.

Меланхолик темпераментіндегі оқушылар (5%) сезімтал, ұқыпты және жауапкершілігі жоғары болып келеді. Олар қолдау мен мадақтауды көбірек қажет етуі мүмкін.

Қорытынды:

Диагностика нәтижелері бойынша 5-сынып оқушылары арасында әртүрлі темперамент типтері анықталды. Оқушылардың басым бөлігін сангвиник және флегматик темперамент иелері құрайды. Бұл сыныптардағы психологиялық ахуалдың тұрақты екенін және оқушылардың көпшілігінің әлеуметтік бейімделу деңгейінің жақсы қалыптасқанын көрсетеді.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

Тренинг бойынша талдамалық есеп

Тақырыбы: «Эмоциялық шаршау – ретке келу»

Мақсатты топ: Педагог қызметкерлер

Өткізілген күні: 05.12.2025 жыл

Қатысушылар: Педагогтар

Мақсаты: Педагогтердің эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, кәсіби күйзелістің алдын алу, психологиялық денсаулықты нығайту және эмоционалдық ресурстарын қалпына келтіру.

Тренинг барысы:

Тренинг барысында педагогтерге эмоционалдық шаршаудың себептері мен белгілері туралы ақпарат берілді. Қатысушылар кәсіби қызмет барысында кездесетін күйзеліс факторларын анықтап, оларды жеңудің тиімді жолдарымен танысты.

Іс-шара барысында «Танысу», «Көңіл-күй термометрі», «Эмоциялық жүк», «Ресурс ағашы», релаксациялық және тыныс алу жаттығулары жүргізілді. Сонымен қатар педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, эмоционалдық тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығы жөнінде пікір алмасты.

Талдау:

Тренингке қатысқан педагогтер белсенділік танытып, барлық тапсырмаларға қызығушылықпен қатысты. Жаттығулар барысында қатысушылар өздерінің эмоционалдық жағдайына талдау жасап, кәсіби қызметте кездесетін психологиялық жүктемелерді азайту жолдарын анықтады.

Тренинг соңында педагогтердің басым көпшілігі эмоционалдық жай-күйінің жақсарғанын, жағымды көңіл-күй қалыптасқанын және психологиялық сергігенін атап өтті. Қатысушылар өзара қолдау көрсету мен жағымды қарым-қатынастың кәсіби қызметтегі маңыздылығын түсінді.

Қорытынды:

«Эмоциялық шаршау – ретке келу» тренингі өз мақсатына жетті. Педагогтердің эмоционалдық жағдайын жақсартуға, психологиялық күйзелістің алдын алуға және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайтуға ықпал етті. Қатысушылар

тренингтен пайдалы тәжірибе алып, күнделікті өмірде қолдануға болатын релаксациялық әдістермен танысты.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

Психологиялық көмек көрсету жұмысы бойынша талдамалық есеп

Мақсатты топ: 8–9 сынып оқушыларының ата-аналары

Өткізілген күні: 22.12.2025жыл

Мақсаты: Ата-аналарға жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат беру, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер бойынша психологиялық қолдау көрсету және отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Жұмыс барысы:

8–9 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында кеңес беру, түсіндіру және ағарту жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері, ата-ана мен бала арасындағы тиімді қарым-қатынас, эмоционалдық қолдау көрсету, мінез-құлықтағы өзгерістерді дұрыс қабылдау мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар ата-аналарға балалардың эмоционалдық жағдайына назар аудару, интернет қауіпсіздігі, буллингтің алдын алу, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ұсыныстар берілді. Қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, жеке кеңестермен қамтамасыз етілді.

Талдау:

Жұмыс барысында ата-аналар белсенділік танытып, көтерілген мәселелер бойынша пікір алмасты. Көптеген ата-аналар жасөспірім балалармен қарым-қатынас жасауда кездесетін қиындықтарды талқылап, оларды шешудің психологиялық жолдарымен танысты.

Кездесу нәтижесінде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығының артқаны байқалды. Олар балалардың жас ерекшеліктерін ескерудің және қолайлы отбасылық атмосфера қалыптастырудың маңыздылығын түсінді.

Қорытынды:

Ата-аналарға көрсетілген психологиялық көмек өз мақсатына жетті. Қатысушылар бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер бойынша қажетті ақпарат алып,

психологиялық қолдау көрсетілді. Жүргізілген жұмыс ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға және отбасыдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал етті.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

ХАТТАМА

Өткізілген күні: 19.12.2025 жыл

Өткізілген орны: 202 кабинет

Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»

Қатысушылар:

№1 учаскелік полиция капитаны: Қамбар Ербулат Нурланұлы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Мақпал Болатханқызы

Педагог-психолог: Әлия Мұқанқызы

7–9 сынып оқушылары.

Күн тәртібі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.
2. Зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу.
3. Ерте жүктіліктің алдын алу және оның салдары.
4. Деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша №1 учаскелік полиция капитаны: Қамбар Ербулат Нурланұлы сөз сөйлеп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың түрлері, олардың салдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндірді. Оқушыларға қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін сақтау, құқықтық сауаттылықты арттыру және заң талаптарын орындау қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Мақпал Болатханқызы зорлық-зомбылықтың, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мәселелеріне тоқталып, білім алушылар арасында өзара сыйластық пен қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығын түсіндірді.

Үшінші және төртінші мәселелер бойынша педагог-психолог Әлия Мұқанқызы ерте жүктіліктің жасөспірімдердің денсаулығына, психологиялық жағдайына және

болашағына тигізетін әсерлері туралы ақпарат берді. Сонымен қатар деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың белгілері, оның алдын алу жолдары және қиын жағдайларда көмекке жүгіну қажеттілігі түсіндірілді.

Қаулы:

1. Оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.

2. Буллинг, зорлық-зомбылық және құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту.

3. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпараттық-ағарту жұмыстарын жалғастыру.

4. Деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психологиялық профилактикалық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру.

5. Оқушыларға қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Хатшы: Құрбанова Марал

Қолы: _____

Педагогтерге арналған тренинг бойынша талдамалық есеп

Тақырыбы: Қаңтар айындағы педагогтерге арналған психологиялық тренинг

Өткізілген күні: 05.05.2026 жыл

Мақсаты: Педагогтердің эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, кәсіби күйзелістің алдын алу, ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту және эмоционалдық ресурстарды қалпына келтіру.

Тренинг барысы:

Тренинг барысында педагогтердің эмоционалдық шаршауын азайтуға бағытталған психологиялық жаттығулар мен әдістер қолданылды. Қатысушыларға стресс пен кәсіби күйзелістің себептері туралы қысқаша ақпарат беріліп, оларды жеңу жолдары түсіндірілді.

Іс-шара барысында «Көңіл-күй шеңбері», «Ресурс картасы», «Эмоцияны басқару», тыныс алу және релаксациялық жаттығулар, сондай-ақ топтық пікірталас ұйымдастырылды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби қызметтегі қиындықтарды еңсеру жолдарын талқылады.

Талдау:

Тренингке қатысқан педагогтер белсенділік танытып, ұсынылған жаттығуларға қызығушылықпен қатысты. Қатысушылардың басым бөлігі тренинг барысында эмоционалдық жеңілдік сезінгенін және психологиялық сергігенін атап өтті.

Топтық жұмыс барысында педагогтер арасындағы өзара түсіністік пен қолдау деңгейінің артқаны байқалды.

Қорытынды:

Қаңтар айында өткізілген педагогтерге арналған тренинг өз мақсатына жетті. Тренинг педагогтердің эмоционалдық жағдайын жақсартуға, стресс деңгейін төмендетуге және ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға ықпал етті.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы

Социометриялық зерттеу бойынша талдамалық есеп

Диагностиканың атауы: Социометрия (ұжым ішіндегі тұлғааралық қатынастарды анықтау)

Сыныбы: 5–6 сыныптар

Қатысушылар саны: 18 оқушы

Өткізілген күні: 15.01.2026 жыл

Мақсаты: Сынып ұжымындағы тұлғааралық қатынастарды, оқушылардың әлеуметтік мәртебесін (лидер, қабылданған, шеттетілген), топ ішіндегі өзара қарым-қатынасты анықтау.

Зерттеу барысы:

Социометриялық сұрақнама арқылы оқушылардан сыныпта кіммен бірге отырғысы келетіні, кіммен дос болғысы келетіні және бірлескен іс-әрекетке кімдерді таңдауы жөнінде жауаптар алынды. Нәтижелер оқушылардың әлеуметтік байланыстары мен сынып ішіндегі орны бойынша талданды.

Нәтижелер:

* Жоғары әлеуметтік мәртебеге ие (лидерлік позиция, көп таңдау алған оқушылар) – 10 оқушы (55,6%);

* Қалыпты қабылданған оқушылар – 8 оқушы (44,4%);

* Төмен мәртебелі, аз таңдалған оқушылар – 0 оқушы (0%);

* Шеттетілген оқушылар – 0 оқушы (0%).

Талдау:

Зерттеу нәтижелері бойынша сынып ұжымының басым бөлігі (55,6%) әлеуметтік ортаға жақсы бейімделген, құрдастарымен тұрақты қарым-қатынас орнатқан оқушылар екені анықталды.

44,4% оқушы сынып ішінде жоғары мәртебеге ие, олар белсенді, ықпалды және құрдастары арасында танымал оқушылар болып табылады. Бұл топ сыныптың әлеуметтік құрылымында маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік байланысы шектеулі, яғни аз таңдалған оқушылар, шеттетілген санатқа жатқызылатын оқушылар анықталмады.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 5–6 сыныптардағы әлеуметтік-психологиялық ахуал қанағаттанарлық деңгейде. Сынып ұжымында жағымды қарым-қатынас басым, алайда аздаған оқушылармен әлеуметтік бейімдеу және жеке қолдау жұмыстарын күшейту қажет.

Педагог-психолог: Ә.М. Мұқанқызы


POLISIA

